

## "Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 26 қарашадағы N 162 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 24 желтоқсанда N 4215 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысының Әділет Департаментінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 2/5977 хатымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қызылорда облысының Әділет Департаментінің 2009.08.11. N 2/5977 хатымен.*

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Мұхамедовке жүктелсін.
3. Осы қаулы бірінші ресми түрде жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа ензізіледі.

Әкім

Б. Қуандықов

Қызылорда

облысы

әкімдігінің

2008

жылдың

26

қараша

N

162

қаулысымен

Бекітілді

**"Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы мемлекеттік қызмет шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою тәртібін белгілейді (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).
2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.
3. Мемлекеттік қызмет 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4- бабындағы 2) тармақшасы мен "Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою Ережесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысының 3 тармағының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Б. Жахаев көшесі, 76, мекен-жайында орналасқан "Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы" (бұдан әрі - Басқарма) мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі, ресми сайты: [www.kyzylorda.kz](http://www.kyzylorda.kz).

5. Тұтынушының алатын мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны Қызылорда облысының аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою жөнінде берілетін анықтама болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының аумағында оның меншік иесімен және басып шығарушысымен жасалған шарт немесе басқа заңды негіздер бойынша шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға (филиалдар мен өкілдіктерге) көрсетіледі (бұдан әрі - тұтынушы).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) тұтынушының жазбаша өтінішін тіркеген уақыттан бастап мемлекеттік қызметті көрсету – 15 күнтізбелік күннің ішінде;

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезіндегі кезек күту уақытының ең ұзақ мерзімі - 10 минут;

3) құжаттарды алу кезіндегі кезек күту уақытының ең ұзақ мерзімі - 10 минут.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандарты облыстық "Сыр бойы", "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланады, сондай-ақ ресми [www.kyzylorda.kz](http://www.kyzylorda.kz), e-mail: [Dvp-ko@rambler.ru](mailto:Dvp-ko@rambler.ru) сайтында орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Б. Жахаев көшесі, 76.

10. Мемлекеттік қызмет күнделікті, сағат 9.00 - ден 19.00 - ға дейін көрсетіледі, сенбі, жексенбі және мерекелік күндері - демалыс. Үзіліс 13.00-дан 15.00-ге дейін. Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Азаматтарды қабылдау бөлмесі қызмет тұтынушыларымен жұмыс жүргізу үшін бейімделген, мүмкіншіліктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар қарастырылған, тосу және қажетті құжаттарды дайындауға жағдай жасалған.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды ұсынады:

1) Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарды есепке алу туралы өтініш онда мыналар көрсетілу керек:

Өтініш берілетін жергілікті атқарушы органының атауы, таратушының мәртебесі (жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға), оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы (аты, әкесінің аты және тегі), орналасқан жері (тұрғылықты жері), Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдардың толық атауы, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдардың таралу аумағы, таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдардың тілі (тілдері), таралатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдардың негізгі тақырыптық бағыттығы, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдардың мерзімді баспасөз басылымдарының таратылатын даналарының болжамды саны, хабарларын тарту к ө л е м і ;

2) таратушы жеке тұлға үшін-кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығын дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;

3) таратушы заңды тұлға (филиал немесе өкілдік) үшін - заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (есепке алу) туралы куәліктің көшірмесі .

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 402 кабинет, мекен-жайы бойынша Басқарманың ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдары мониторинг бөлімімен берілетін өтініш т о л т ы р ы л а д ы .

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті өтініш пен басқа құжаттар Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 402 кабинет, мекен-жайы бойынша Басқарманың ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдары мониторинг бөліміне тапсырылады.

15. Тұтынушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызметті алу күні көрсетілген талонды алады.

16. Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – жеке бару. Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 402 кабинет, мекен-жайы бойынша Басқарманың ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдары мониторинг б ө л і м і н д е а л у ғ а б о л а д ы .

17. Тұтынушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіз болады:

1) Осы стандарттың 12-тармағымен қарастырылған барлық қажетті құжаттар ұ с ы н ы л м а с а ;

2) Осы стандарттың 12-тармағымен қарастырылған құжаттарда ақпараттың толық болмауы немесе дәйекті көрсетілмеуі;

3) бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын, мемлекеттің қауіпсіздігін бұзуға, соғысқа, әлеуметтік, діни, нәсілдік, ұлттық және рулық артықшылықты, зұлымдық пен зомбылық, порнографиялық үгіттеу немесе насихаттау мазмұнында болса;

4) егер бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты аталған қызмет түрімен айналысуына соттың шешімімен тыйым салынған болса;

5) егер шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты оларды Қазақстан Республикасының аумағында таратуға тыйым салу жөнінде соттың шешімі болса

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Мемлекеттік органның тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын қағидалары :

1) с ы п а й ы л ы л ы қ ;

2) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат;

3) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуы, қорғалуы және қ ұ п и я л ы л ы ғ ы ;

4) тұтынушының белгіленген мерзім ішінде алмаған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

20. Басқарманың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні арнайы құрылған жұмыс тобымен жыл сайын бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағым дайындауға жәрдем көрсету Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 402 кабинет, e-mail: [Dvp-ko@rambler.ru](mailto:Dvp-ko@rambler.ru) , мекен-жайы бойынша "Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі.

22. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, e-mail: [Dvp-ko@rambler.ru](mailto:Dvp-ko@rambler.ru) , мекен-жайы бойынша Қызылорда облыстық ішкі саясат басқарма бастығының атына немесе жоғары тұрған мемлекеттік органға беріледі.

23. Тіркеу журналында тіркелген, аталған шағымға жауап алу орны мен мерзімі көрсетілген талон арыздың қабылданғанын куәландыратын құжат болып т а б ы л а д ы .

Шағымның қаралу барысы туралы мәліметті Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, мекен-жайда орналасқан Басқармадан, 402 кабинет, алуға болады.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Мемлекеттік қызмет көрсететін Басқарма басшысының, оның орынбасарының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері:

1) Басқарманың бастығы: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 404 кабинет, телефоны: 8 (7242) 26-24-79, жұмыс кестесі: күн сайын, сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа сағат 9-00-ден 19-00-ға дейін, түскі ас мерзімі 13-00-дан 15-00-ге дейін, қабылдау кестесі: күнделікті сағат 15-00-ден сағат 17-00-г е д е й і н ;

2) Басқарма бастығының орынбасары: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, 406 кабинет, телефоны: 8 (7242) 27-73-88, жұмыс кестесі: күн сайын сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа сағат 9-00-ден 19-00-ға дейін, түскі ас уақыты: 13-00-дан 15-00-ге дейін, қабылдау кестесі: күнделікті сағат 15-00-ден с а ғ а т 1 7 - 0 0 - г е д е й і н .

3) Қызылорда облысының әкімдігі: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, www.kyzylorda.kz Веб-сайты., жұмыс кестесі: күн сайын, сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа сағат 9-00-ден 19-00-ға дейін, түскі ас мерзімі 13-00-д е н 1 5 - 0 0 - г е д е й і н .

25. Қызылорда облысының әкімдігі: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, www.kyzylorda.kz Веб-сайты.

" Ш е т е л д і к б ұ қ а р а л ы қ а қ п а р а т  
к ұ р а л д а р ы н е с е п к е қ о ю "  
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т к ө р с е т у  
с т а н д а р т ы н а қ о с ы м ш а

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. У а қ т ы л ы ғ ы</b>			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	95	95	90
1.2. Қызмет алуды 10 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	85	85	80
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің	90		90

сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)		90	
2.2. Құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	100	95	95
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. Қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	88
3.2. тұтынушылардың дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80	75	70
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	10	10	0,1
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. Қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,5	0,1	0,1
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	95	0,1	0,1
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	85	85	80
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	87
<b>5. Сыпайылық</b>			

5.1.Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
---	----	----	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК